

*Әл-Фараби атындағы*



Қазақ ұлттық университеті

**Кәмелетке  
толмағандардың  
жәбірленуші  
болғыштығының  
психологиялық  
және педагогикалық  
аспектілері**



# Жоспар:


1. Агрессия психикалық ақиқат ретінде
2. *Виктимологиялық ғылымның қалыптасуы мен даму тарихы*
3. Жәбірленушілердің классификациясы

# Кіріспе



Адамзат тарихы агрессияның тұлға мен қоғам өмірінің бөлінбес бөлігі екендігін сенімді түрде дәлелдейді. Бұған қоса, агрессияның қуатты тартатын күші және жұғымталдық қасиеті бар: көптеген адамдар сөз жүзінде агрессияны жоққа шығарады, ал іс жүзінде осы күнделікті өмірінде кеңінен көрсетеді.

Латын тілінен аударғанда "агрессия" — "шабуыл" деген мағына береді. Қазіргі уақытта "агрессия" сөзі аса кең мағынада қолданылады. Аталмыш құбылыс жағымсыз эмоциялармен (мысалы, ашумен) және жағымсыз мотивтермен (мысалы, зиян келтіруге тырысу), сонымен қатар жағымсыз нұсқаулармен (мысалы, нәсілдік қате түсініктермен) және бүлдіруші әрекеттермен байланыстырылады.

# Агрессия дегеніміз...



- Психологияда агрессия деп өзгелерді өзіне бағындыру немесе олардан басым болу мақсатында шынайы іс-әрекетте немесе қиялдауда көрініс табатын үрдісті (ұмтылысты) айтады. Аталмыш үрдіс әмбебап сипатта болады.



- Ал "агрессия" термині тұтас алғанда бейтарап мағынаға ие. Шынында, агрессия өмірлік мүдделер мен тірі қалуға қызмет етіп, жағымды мәнге ие болуы да мүмкін немесе өзінің агрессивті құштарлығын қанағаттандыруға бағытталып, жағымсыз мәнге ие болады.

# Агрессияның психикалық ақиқат ретінде нақты сипаттамалары бар




Агрессия сыртқы нысандарға (адамдарға, заттарға) немесе өзіне (денеге, тұлғаға) бағытталуы мүмкін. Қоғам үшін басқа адамдарға бағытталған агрессия ерекше қауіпті болып табылады. А.Бандура және Р.Уолтерс бұндай агрессияны асоциалды деп атайды және әлеуметтік-деструктивті сипатты іс-әрекетермен байланыстырады.




"Бұндай қарым-қатынасты қаламайтын, басқа тіршілік иесін қорлауға немесе оған зиян келтіруге бағытталған агрессивті мінез-құлық формалары айқын әлеуметтік-жағымсыз бағаға ие болады (Бэрон Р., Ричардсон Д. "Агрессия"). Бұндай агрессивті-асоциалды мінез-құлық міндетті түрде зорлық-зомбылықты қамтиды — ауру тудыратын вербалды немесе физикалық іс-әрекеттер. Қағида бойынша, ол агрессордың жағымсыз эмоциялары фонында (ашу, долылық, біреуді азаптауға, қорлауға құмарлық, байыпсыздық), және өз кезегінде, жәбірленушінің жағымсыз әсерленушілігін тудырады (қорқыныш, қорлану). Бұндай мінез-құлық агрессивті мотивтермен көрінеді: қирату, жою, пайдалану, кесірін тигізу. Когнитивтік деңгейде бұндай мінез-құлықтың дұрыстығын мақұлдайтын нұсқаулардан қолдау табады (нанымдар, мифтар, сенімдер).

**Жәбірленуші, құрбан – бұл қылмыстан физикалық, моральдық немесе мүліктік зардап шеккен адам. Мұнда оның заңда көзделген тәртіпте қылмыс жәбірленушісі деп танылуы және осы статусын субъективті түрде ұғынуы маңызды емес. Индивидуалды қылмыстық мінез генезисіндегі жәбірленушінің ролі қылмысқа тікелей қарсы тұрудан қылмыстық әрекеттерге арандатуға дейін бола алады.**


**Жәбірленуші мінезінің келесі түрлерін ажыратады:**



1) бейтарап, мұнда жәбірленушінің мінезі қылмыстың жасалуына не ықпал етпеген, не кедергі де болмаған (мысалы, көлік жүргізушісінің тротуардағы жолаушыны басып кетуіндегі ситуация);




2) әлеуметтік-қолдаушы (жақсы, игі) мінез қылмыстық әрекеттерге белсене қарсылық көрсетуде көрініс табады (мысалы, азаматтың бұзақылық әрекеттерді тоқтатуға атсалысуы);



3) жәбірленушінің теріс қылықтары моральдық немесе құқықтық нормалардың бұзылуын туғызады (мысалы, қақтығысты туғызуы, қарсы мәмілеге түсуі, қылмыстың жасалуына дейінгі кезеңде мас күйінде болуы және т.с.с.).

Жәбірленушілерді де қылмыскер тұлғасы сияқты жас мөлшеріне қарай, рөлдің статусына қарай, қылмыскермен қатынасына қарай, адамгершілік-психологиялық белгілеріне қарай, олардың "кінәсінің" деңгейіне қарай, олардың мінез-құлқының сипатына қарай топтастыруға болады. Соның бірі жәбірленушілерді оларға тән белгілеріне қарап топтастыру.





Тағы да бір критерийдің түрі ол -  
жәбірленушінің мінез-құлқының  
сипатына қарай:

1) Белсенді  
жәбірленушілер

2) Бастамашы  
жәбірленушілер

3) Бәсең  
жәбірленушілер

4) Бейтарап  
жәбірленушілер

5) Бағамдай  
алмайтын  
жәбірленушілер

**Виктимділік** – өз алдына жағымсыз құбылыстар құрбаны болуға бейімділік. Адам әлі ондай болған жоқ, бірақ оның тұлғасында белгілі бір жағдайларда ондай ететін белгілі бір қасиеттер бар.

Виктимология латынша *victima* (құрбан) және грекше - *logos* (ілім) деген екі сөзден тұрады, яғни құрбан туралы ілім дегенге келеді. Бірақ осы ілімнің табиғаты туралы ғылымда пікіралуандығы да жоқ емес.

Бұл туралы үш түрлі көзқарас бар:

1) Виктимологияны криминологияның саласы деп есептейтіндер;


2) Виктимологияны криминологиямен қатар өмір сүретін салааралық ғылым деп санайтындар;


3) Виктимологияны жалпы барлық құбылыстардың құрбандары туралы ғылым деп санайтындар





*Виктимділіктің түсінігі мен түрлері. Криминологияда **victima** (құрбан) түбірінен тұратын үш түрлі ұғым қолданылады. Олар - виктимология, виктимизация және виктимділік. Оның виктимологиясы құрбан туралы ілім екенін айттық, ал виктимизация болса, адамның қылмыс құрбанына айналу процесін білдіреді.*


*Виктимділік - өзіне тән қасиеттерге не атқаратын қызметіне байланысты тұлғаның қылмыс жәбірленушісіне айналып кету бейімділігі. Ол бейімділік оның өз мінез-құлқына да тәуелді бола алады немесе оған тәуелсіз объективті де өмір сүре алады.*

 **Индивидуалдық виктимділік** - белгілі бір тіршілік жағдайына байланысты (ситуацияға) қылмыс жасау үшін жағдай жасауға жәрдемдесетін жеке индивидтің әлеуметтік, биофизикалық, психологиялық сипаттағы қасиеттері.

 **Түрлік виктимділік** - бірқатар мән-жайларға орай кейбір жеке адамдардың белгілі бір қылмыс түрлерінің құрбаны болуға бейімділігі (тонау, зорлау).

 **Топтық виктимділік** - демографиялық, психологиялық, биофизикалық және басқа да қасиеттері ұқсас адамдардың қылмыс құрбаны болуға бейімділігі (инкассаторлар, күзетшілер, таксистер).

 **Жаппай виктимділік** - адамдардың белгілі бір бөлігінің субъективтік қасиеттеріне қарай қылмыстан тәни, моральдық, материалдық зардап шегуінің объективтік мүмкіндігі.



# Қ орытынды

Қорыта келе жәбірленуші дегеніміз қылмыстың салдарынан материалдық және моральдық зиян шеккен адам. Жәбірленуші қылмыстың дара элементі болып табымайды. Жәбірленуші қылмыстық заңдармен қорғалатын қоғамдық қатынастармен байланысты болатын болса, онда ол қылмыс объектісіне жатқызылады.

Жәбірленуші тұлғасы мен мінезін виктимология зерттейді. Криминологиялық виктимология айтарлықтай жаңа ғылыми бағыт болып табылады. Осының салдарынан оның теориялық негізі де, ғылыми аппараты да әлі күнге дейін толық қалыптаса қоймаған. Криминологиялық виктимологияда «жәбірленуші», «құрбан», «виктимділік», «виктимизация» категориялары бастылары болып табылады.